

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПРЕЗИДЕНТТІК
САЙЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР (ӨЗБЕКСТАН, ҚАЗАҚСТАН,
ТӘЖІКСТАН МЫСАЛЫНДА)**

Джанысова Айдана Макулбековна
aidanaajj996@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д, профессор А.Қ. Кушкумбаев

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекет басшысының қандай да бір жолмен өз өкілеттігін ұзарту мәселесі елдердің тәуелсіз атанғанынан бастап өзекті тақырыпқа айналды. XX ғ. 90-жылдардың басында ТМД-ның барлық елдерінде бір адамның президенттік қызмет мерзімін, әдетте, екі мерзіммен, әрқайсысы төрт-бес жылмен шектейтін конституциялар қабылданды. Алайда, кейіннен бұрынғы одақтас республикалардың көптеген басшылары көбірек мерзімге үміткер болу құқығына ие болды және бір жерде олар мерзімдердің ұзақтығын өздері ұзартты немесе жеке ерекшеліктер жасады. Мемлекетішілік және халықаралық наразылықтарға қарамастан бұл дәстүр әлі де болсын өз жалғасын тауып келеді. Сондықтан бұл мәселеге тоқталу арқылы, мемлекеттердегі сайлау жүйесіне баға беретін болсақ.

Бірінші кезекте демократиялық қайшылықтарға толы Өзбекстан Республикасының басшысы мысалына тоқталайық. Мемлекеттің тәуелсіздікке ие болғаннан, өмірінің соңына дейін елде билік еткен Өзбекстанның экс-президенті И. Кәрімов 2015 жылы наурызда өткен кезекті президенттік сайлауда төртінші рет жеңіске жетті. Осы орайда сайлау қарасаңында ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының баяндамасы Президенттің заңбұзушылық жасағанын айыптауына қарамастан, елде авторитарлық жүйе кеңінен тамыр жайғанын тағы бір мәрте дәлелдеді. Сайлаудың әділ өтпеуінен басқа адам құқықтарын бұзатын әрекеттер елде кең етек жайды. Өзбекстанда И. Кәрімов билігінің 26 жылдан астам уақытында мыңдаған адам саяси астарлы айыппен қамауға алынды; түрмелерде және полицияның қабырғаларында азаптау әдеттегі әрекетке айналды; миллиондаған азаматтар, соның ішінде балалар да төзгісіз жағдайда мақта теруге мәжбүрленді. 2005 жылы Өзбекстанның мемлекеттік қауіпсіздік күштері Әндіжанда негізінен бейбіт шерулерге қатысқан жүздеген адамды атып өлтірді және ешкім ол үшін жауапқа тартылмады. И. Кәрімов қорқыныш арқылы билік жүргізді десек те болады. Адам құқықтарының бұзуға бағытталған ең нашар жүйені құрды: азаптаулар, жоғалулар, мәжбүрлі еңбек және басқа пікірлілерді жою. И. Кәрімов билігінің соңғы жылы Әндіжандағы қырғын белгісімен тарихта қалады. Батыстық санкцияларға қарамастан елдегі адам құқықтарын сақтау әрекеттері мүлдем болмады [1]. Ш. Мирзиеевтің келуімен ел ішінде біршама ілгерілеушілік байқалды. БҰҰ-мен ұлттық деңгейде ынтымақтастық белсендірілді. Өзбекстан БҰҰ Адам құқықтары кеңесінің жаңадан сайланған мүшесі ретінде Өзбекстан Кеңестің құрылтай мандатын ұстануға және “адам құқықтарын ілгерілету мен қорғаудың ең жоғары стандарттарын сақтауға” міндеттемеге қол қойды. Екінші мерзімін өткен жылы бастаған Президенттің осы сөздерін жүзеге асырып, асырмайтынын келер болашақта көретін боламыз [2].

Осыған ұқсас сипатты біз өз мемлекетіміздің мысалында көре аламыз. Қазақстанның экс-президенті Н. Назарбаев 1991 жылы тұңғыш рет президенттік сайлауда бюллетеньдегі жалғыз кандидат болып, жеңіске жетті. Төрт жылдан кейін оның Қазақстандағы президенттік өкілеттігі референдумда 2000 жылға дейін ұзартылды. Осыдан кейін Н.

Назарбаев тағы үш рет президенттік сайлауда жеңіске жетті. 2007 жылы Қазақстан парламенті ел конституциясына мемлекет басшысының өкілеттігін екі мерзіммен шектейтін түзетулер қабылдады. Дегенмен, Қазақстанның тұңғыш президенті ретінде Н. Назарбаев үшін ерекше жағдай жасалып, ол шектеусіз сайлауға қатыса алды. Қазақстандағы сайлау науқандары кезектен тыс өтуімен ерекшеленеді. Мерзімінен бұрын сайлау технологиясы бұл ережелерді өз қалауы бойынша өзгертетін авторитарлық режимдер ойнайтын демократиялық емес ойын десек те болады [3]. Заңнамаларға өзгерістерді үздіксіз енгізу арқылы Президент парламентке ықпал ету мүмкіндігіне ие болды және сот билігін жеке тағайындау арқылы сот жүйесіне де ықпалы зор болды. Осыған қарамастан Қазақстандағы авторитарлық билік Орталық Азияның басқа мемлекеттерінен қарағанда салыстырмалы түрде жұмсақ сипатта жүргізілді. Бәлкім оған себеп, тәуелсіздік алған күннен ақ Қазақстанның батыстың назарында болуы. АҚШ адам құқығын қорғау саясатының басты орталығы ретінде қарастырғанына қарамастан, дәл осы мәселеде авторитаризмді қатты сынға алған. Экс-президент билігінің кезекті мерзімі 2020 жылы аяқталуы жоспарланса да, ол 2019 жылдың наурызында өз қызметінің босататынын мәлімдеді. Авторитаризм елдегі дамуды бірнеше мәртеге тежеп отырды. Даму стратегияларының көптігіне қарамастан елдің көркеюіне оның әсері жоқ болды. Елдегі жемқорлықтың да белең алуы сайлаудағы әділетсіздік әрекетінің жемісі болды. Тұңғыш Президент өзінің “халыққа жолдауында” авторитаризмді сынап, демократия, әділ сайлау, дамыған және бәсекеге қабілетті Қазақстан туралы айтып, дамушы елдерге үлгі болу туралы айтса да, шын мәніне келгенде оның біреуі де жүзеге аса қоймады. Осындай сәттерге келгенде халық оның қызметтен кетуі бүкіл мәселеге шешім болады деп сенді. Алайда, бәрімізге мәлім ол елдің Қауіпсіздік кеңесінің басшысы және билік партиясының төрағасы қызметтерін сақтап қалды. Ол дегеніміз билік тізгінінен кетсе де, билік тізгіні оның қолынан түспеді.

Қазіргі таңда Тәжікстанда республика президенті Э. Рахмон мен оның жақтастары жүргізіп отырған саясат басым. Э. Рахмон өзінің қызметінің мерзімінің күшін жою мүмкіндігін бірнеше рет пайдаланды. Ол алғаш рет 1994 жылы мемлекет басшысы қызметіне кірісті, 1999 және 2006 жылдардағы сайлаулардан кейін бұл қызметте қалды. Сайлаулар арасында ол конституцияға оның бұрынғы мерзімінің күшін жойған негізгі өзгерістерді енгізу үшін референдум өткізді. Негізгі заңның бір нұсқасында мемлекет басшысының өкілеттік мерзімін жеті жылға дейін ұлғайту көзделген болатын.

2016 жылғы жалпыхалықтық референдумда мақұлданған конституциялық түзетулер президент Э. Рахмонның “ұлт көшбасшысы” ретіндегі мерзіміне қойылған шектеулерді алып тастап, оған өз билігін одан әрі нығайтуға мүмкіндік берді. Оған қоса Президенттікке кандидаттар үшін жас шегін 35-тен 30-ға дейін төмендететін конституциялық өзгерістерге тағы да дауыс берді. Сарапшылардың пікірінше, қабылданған түзетулер Э. Рахмонның үлкен ұлы Р. Эмомалиге 2020 жылдың күзінде өтетін сайлауға қатысуға мүмкіндік берді. Сарапшылар Р. Эмомалидің спикер болып тағайындалуы сонау 2016 жылы басталған билік ауысуына дайындықтың келесі кезеңі болды деп есептейді. Тәжікстан конституциясына сәйкес, қазіргі президент отставкаға кеткен, қайтыс болған немесе әрекетке қабілетсіз болған жағдайда келесі президенттік сайлауға дейін үш ай ішінде Э. Рахмонның өкілеттігі автоматты түрде оның ұлына өтеді. Бұл дегеніміз Түрікменстандағы биліктің ауысу әрекеті қайталану мүмкіндігі пайда болып отырғанын білдіреді [4].

Шетелдік бақылаушылардың пікірінше, 2015 жылғы соңғы парламенттік сайлауда плюрализм жоқ, қателіктер орын алды. 2013 жылы өткен соңғы президент сайлауында да плюрализм мүлдем болмады. Тәжікстандық сайлаулар халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтіні үнемі анықталып отырды. Бұл елде, Қазақстанға қарағанда әлдеқайда қатаң түрдегі авторитаризм жүргізілуде. Тәжікстанда, бір қарағанда, режимнің демократиялық қасиетін көрсететін шаралар қабылданды. Құқықтық құжаттар қабылданып, партиялар

құрылды, сайлау өтіп жатыр, бірақ бүгінгі күннің шындығын ескерсек біз Тәжікстанның шын мәнінде авторитарлық мемлекет екенін көреміз, мұнда соңғы жылдары тоталитарлық мемлекеттің белгілері де байқалады. Елдегі адам құқықтарының жағдайына қатысты АҚШ Мемлекеттік департаменті келесідей бұзушылықтарды атап көрсетеді: қауіпсіздік күштерінің тұтқындарды азаптау және қатыгездік қолдануы; негізсіз тұтқындау немесе қамауда ұстау, түрмедегі ауыр жағдайлар; саяси тұтқындардың болуы; жеке өмірге ерікті немесе заңсыз араласу; веб-сайттарды бұғаттау. Сонымен қатар, құжатта бейбіт жиындарға айтарлықтай араласу, адам құқықтары саласындағы адвокаттар мен журналистерді саяси астарлы қудалау; діни сенім бостандығына, қозғалыс еркіндігіне айтарлықтай шектеулер; жоғары деңгейдегі сыбайлас жемқорлық және непотизм; адам саудасы және мәжбүрлі еңбек сияқты заңбұзушылықтарды атап көрсетеді. Бұл Тәжікстандағы саяси бостандықтарға қатысты жағдайдың халықаралық ұйымдар тарапынан сынға ұшырауы бірінші рет емес. Тәжікстан билігі әдетте мұндай хабарларға бірден жауап бермейді және тек баспасөз өкілдерінің қатысуымен өткен кездесулер мен конференциялар барысында айтылған сынмен келіспейтіндерін айтып өтеді. Тәжікстандағы отбасылық әулеттің нығаюы Тәжікстан үшін барлық салада кері шегініс жасауда. Ел үшін бұл саяси және азаматтық бостандықтардың барынша шектелуі, репрессиялық шаралардың күшеюі мен қарсы пікір білдірушілерді қудалау, сөз бостандығын шектеу, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюы, елдегі саяси және экономикалық жағдайдың одан әрі нашарлауы деген сөз. Осының бәрі экономиканы дамытуға ішкі және шетелдік инвестицияларды тартуға кедергі келтіреді, бұл елдің де, халықтың да кедейленетінін білдіреді.

Осыдан тура 23 жыл бұрын, XX-ғасырдың соңында биліктен кеткен Б. Ельцин билікті В. Путинге берді. Содан бері посткеңестік кеңістіктегі биліктің транзиттік қозғалысы сирек демократиялық болды – мысалы, жоғарыда көрсетілгендей Қазақстанда 2019 жылы Нұрсұлтан Назарбаев бақылау тұтқаларын өз қолында сақтай отырып, іс жүзінде өзінің “мұрагерін” тағайындады. Неліктен әулеттік президенттік, “мұрагер” әрекеттері мерзімді шектеулерді айналып өтуге арналған конституциялық реформалар посткеңестік Еуразияның ажырамас бөлігіне айналғанын кеңестік кезеңнен қалған жүйе ретінде қарастырған жөн.

Қай мемлекетті алмасақ та үкімет демократиялық құндылықтар мен адам құқықтарын құрметтеуді ресми түрде алға тартумен айналысады, алайда іс жүзінде саяси және азаматтық бостандықтарды басып тастауда. Режимдер тек үкіметке қарсы наразылықтарға ғана емес, сонымен бірге елдің жағдайы қандай болу керек және оның халқы қалай ойлауы керек деген идеяларына қайшы келетін пікірлерді білдіруге де төзімсіз болды. Режим саясатымен келіспеушіліктің шамалы көріністерін авторитарлы басшылар өз биліктеріне нақты қауіп ретінде қабылдайды, осылайша қоғамның шынайы деңгейіне қатысты терең белгісіздік әшкереленуде.

Мысалға келтірілген үш мемлекет те халық тарапынан наразылықтарға ие болуы елдің басшыларға деген қарым-қатынас деңгейін көрсетеді. Мәселен И. Кәрімов кезіндегі Әндіжан көтерілісшілері елдегі демократиялық және либералдық реформалардың жүргізілуін, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту, елдің саяси трансформациясы, сөз және БАҚ бостандығын, діни сенім мен адам құқықтарын қорғау мәселелерін көтерілуін талап етті. Қатаң түрде басылған бұл көтеріліс әлем назарын аудартты. Продемократиялық АҚШ пен басқа да Батыс елдері әдеттегідей дереу түрде Әндіжан оқиғасына тәуелсіз тергеу жүргізуді талап етіп, Өзбекстан билігін қарулы көтерілісті басуда күш қолданғанын айыптады. Оған қоса Еуроодақ пен АҚШ конгресі тарапынан

Өзбекстанға қарсы 4 жылға созылған санкция салынды.

Тәжікстандағы көтеріліс жағдайы тым күрделі тақырып. Жаппай көшеге шығу үшін Қырғызстанның мысалындай әскерилердің араласпайтынына кепілдік мүлдем жоқ.

Тәжікстан наразылығының мүмкін еместігі де бүгінде елде нақты жүйелі оппозицияның жоқтығымен байланысты. Тәжікстанды Орталық Азиядағы ең саяси күйреген ел десек артық болмас. Э. Рахмонның мемлекеттің бүкіл басқаруын толығымен өзіне бағындырғаны айқын нәрсе. Жас ұрпақтың қазіргі билікке наразылық танытуға бейім болғанына қарамастан, қазіргі президент сайлауда жоғары пайызбен жеңіске жеткені шындыққа жақын болуы мүмкін. Бұл қанағаттанбаушылықтың саяси емес, әлеуметтік мәні бар. Билік азаматтық қоғам өкілдерінің біріккен комиссиялары болғанның өзінде де іс жүзінде халықтың сұранысын қанағаттандырмады, шындық пен әділеттілікті орнату талаптарын орындамады, сайып келгенде мемлекеттік қызметкерлердің жазасыз қалуда. Ағымдағы тенденциялар жалғаса берсе, болашақта билік халықпен кез келген диалог жүргізу мүмкіндігінен немесе азаматтық қоғамның заңды өкілдерін келіссөздер үдерісіне тарту мүмкіндігінен толық айырылып қалу қаупі бар, нәтижесінде халық билікке деген сенімін толықтай жоғалтады [5].

Қазақстанда халық бірнеше мәрте билікке наразылығын ашық түрде білдірді. 2022 жылдың басында орын алған көтерілістегі наразылық білдірушілердің ашуы негізінен ұзақ жылдар бойы билігінің қолында орасан зор билікті жинаған Н. Назарбаевқа бағытталғаны мәлім болды. Осы уақытқа дейін Назарбаев ресми түрде “ұлт көшбасшысы” деп танылып, биліктің тізгінін тапсырғанына қарамастан көлеңкелі көшбасшысы саналып келді. Бірақ нәтиже көрсеткендей “елбасы” Қауіпсіздік кеңесінің басшысы қызметінен айырылды. Қ.-Ж. Тоқаевтің ұстанған саясаттың халықтың нашар тұрмысы, қымбатшылық, жұмыссыздық, жемқорлық сияқты мәселелерімен күресуге бағытталғанына халық сенім артуда.

Өзбекстан өз кезегінде Ш. Мирзиевтің жаңашыл, демократиялық бағытты ұстануымен ерекшеленеді. Президент өз сөзінде Тәуелсіз даму жолындағы үлкен жетістіктермен қатар, оған жету жолында қателіктер мен олқылықтарсыз болғанын толықтай мойындауда. Тоталитарлық режимнен бас тартып, демократиялық қоғам құруға бағытталған үдерістер, бұрын кездеспеген түрлі мәселелер – осының бәрі елдің алдына жаңа, күрделі міндеттер қойды [6].

Осыдан біз Өзбекстанның экс-президенті мен Тәжікстанның қазіргі таңдағы президентінің әрекеттерін салыстыра отырып, адам құқықтарын сақтаудағы әрекетсіздікке көз жеткізе аламыз. Ал қазіргі таңдағы Өзбекстан мен Қазақстан президенттерінің ел саясатындағы ұқсастықты байқаймыз. Екі Президент те демократия жолында пайда болған түрлі қателіктердің болғанын мойындай отырып, “Жаңа” мемлекетті құруда әрекеттер жасауда. Салыстырмаға түскен үш мемлекет арасында Тәжікстанның әлі де болсын демократиялық бағытқа бетбұрысын байқай алмаудамыз. Қазақстан мен Өзбекстан үшін алға қойған жаңашыл стратегиядан айнымаған дұрыс. Халықпен бірлесе отырып, мәселенің шешілуіне қадам жасау демократияға сай әрекет деп тани аламыз [7].

Қорыта келе, Қазақстан елдің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға көптеген көршілеріне қарағанда әлдеқайда мұқият қарайтынын айта аламыз. Бұны тәуелсіздік алғаннан бері кедейшіліктің айтарлықтай төмендеуінен бастап өмір сүру ұзақтығының күрт артуына дейінгі нақты нәтижелерден байқаймыз. Осы мысалды үлгі ретінде ала отырып Өзбекстан мен Тәжікстан үкіметтері адам құқықтарының дамумен, атап айтқанда экономикалық өсумен, саяси және әлеуметтік дамумен тығыз байланысты екенін толықтай түсінулері қажет. Халық наразылықтарының көптеп орын алуы мемлекеттің даму деңгейін бірден бір көрсететін элементі. Сондықтан билік пен халық арасындағы алшақтықты жою арқылы сайлаудың батыстық моделіне көшу қарқыны орын алмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Uzbekistan: Authoritarian President Karimov Reported Dead // Human Rights Watch. 2016. Режим доступа: Uzbekistan: Authoritarian President Karimov Reported Dead | Human Rights Watch (hrw.org) (қаралу күні: 16.03.2022)
2. Williamson H. Uzbekistan Should Keep Its Human Rights Promises // Human Rights Watch. 2021. Режим доступа: Uzbekistan Should Keep Its Human Rights Promises | Human Rights Watch (hrw.org) (қаралу күні: 19.03.2022)
3. Евсеев, В.В. Авторитаризм в Центральной Азии (на примере Казахстана) // Вестник МГИМО Университета. Москва. 2013. С. 101-107.
4. Рыскулова Н. "Образец nepотизма". Сын президента Таджикистана избран спикером сената // BBC News. Бишкек. 2020. Режим доступа: "Образец nepотизма". Сын президента Таджикистана избран спикером сената - BBC News Русская служба (қаралу күні: 21.03.2022)
5. Mastonshoeva S. What Explains the Endless Protests in GBAO // Central Asian Bureau for Analytical Reporting. 2022. Режим доступа: What Explains the Endless Protests in GBAO - SABAR.asia (қаралу күні: 23.03.2022)
6. Большое интервью Президента Ш.Мирзиёева – «Новый Узбекистан становится страной демократических перемен, больших возможностей и практической работы» // Исполнительный комитет Содружества Независимых Государств. 2021. Режим доступа: Большое интервью Президента Ш.Мирзиёева – «Новый Узбекистан становится страной демократических перемен, больших возможностей и практической работы» (minsk.by) (қаралу күні: 25.03.2022)
7. Боришполец К. Выборы в государствах Центральной Азии: опыт политической конкуренции в условиях переходного общества // Центральная Азия и Кавказ. Москва. 2006. С. 29-41.

ӘӘЖ 331.526

ЕАЭО ЖАСТАР ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: РЕСЕЙ, ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БЕЛОРУСЬ МЫСАЛЫНДА АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫН ТАЛДАУ

Дмитриева Алена Сергеевна

alena_280499@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің аймақтану кафедрасының 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Оспанова А.Н.

Еңбек нарығы кез келген ел экономикасының іргелі элементі болып табылады және ұлттық экономиканың жұмыс істеуі оның динамикасы мен жағдайына байланысты. Халықтың өсу қарқыны және оның жас құрылымы негізінен дүниежүзілік еңбек ресурстарының сандық параметрлерін анықтайды, өз кезегінде әлемдік экономиканың дамуы осыған байланысты.

Еңбек ресурстары – бұл еңбекке қабілетті халықтың кәсіптік қызметті жүзеге асыруға қажетті білімдері мен еңбекке қабілетті бөлігі. Жұмыс күшінің негізгі бөлігіне экономикалық белсенді халық кіреді, т.б. жұмысы бар немесе белсенді түрде іздеп жүрген